

"Әуежайлар мен аэронавигацияның реттеліп көрсетілетін қызметтерінің тарифтеріне (бағаларына, алым ставкаларына) уақытша төмендету коэффициенттерін бекіту ережесі туралы" Қазақстан Республикасының Табиғи монополияларды реттеу және бәсекелестікті қорғау жөніндегі агенттігі төрағасының 2003 жылғы 5 қарашадағы № 263-НҚ бұйрығына өзгеріс енгізу туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Табиғи монополияларды реттеу агенттігі төрағасының 2014 жылғы 17 маусымдағы № 136-НҚ бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2014 жылы 30 шілдеде № 9653 тіркелді. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің 2020 жылғы 22 мамырдағы № 42 бұйрығымен

Ескерту. Күші жойылды – ҚР Ұлттық экономика министрінің 22.05.2020 № 42 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

"Табиғи монополиялар және реттелетін нарықтар туралы" 1998 жылғы 9 шілдедегі Қазақстан Республикасы Заңының 12-1-бабы 2) тармақшасына және 14-1-бабы 1-тармағының 5) тармақшасына сәйкес **БҰЙЫРАМЫН:**

1. "Әуежайлар мен аэронавигацияның реттеліп көрсетілетін қызметтерінің тарифтеріне (бағаларына, алым ставкаларына) уақытша төмендету коэффициенттерін бекіту ережесі туралы" Қазақстан Республикасының Табиғи монополияларды реттеу және бәсекелестікті қорғау жөніндегі агенттігі төрағасының 2003 жылғы 5 қарашадағы № 263-НҚ бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 2599 тіркелген, "Ресми газет" газетінің 2003 жылғы 27 желтоқсандағы № 52 (157) жарияланған) мынадай өзгеріс енгізілсін:

көрсетілген бұйрықпен бекітілген әуежайлар мен аэронавигацияның реттеліп көрсетілетін қызметтерінің тарифтеріне (бағаларына, алым ставкаларына) уақытша төмендету коэффициенттерін бекіту ережесінде:

20-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"20. Әуежай және аэронавигациялық ұйым уәкілетті органның бірінші басшысының бұйрығымен бекітілген уақытша төмендету коэффициенттерін әуежай немесе аэронавигациялық ұйым мен әуе кемелерін пайдаланушы арасында жасалған шарт (шартқа қосымша) негізінде қолданады. Осы шарт (шартқа қосымша) бекітілген уақытша төмендету коэффициенттерін қолдану

кезеңін және әуежайдың немесе аэронавигациялық ұйымның реттеліп көрсетілетін қызметтерін тұтынудың мәлімделген көлемдерін әуе кемесін пайдаланушының орындамағаны үшін тиісті уақыт мерзіміне уақытша төмендету коэффициенттерін қолданбастан көрсетілген қызметтерді тұтынудың нақты орындалған көлеміне тарифтерді (бағаларды, алымдар ставкаларын) қайта есептеу түрінде жауапкершілігін көздейді.

Бұл талап осы Ереженің 6-тармағы 3) тармақшасының негізінде төмендету коэффициенттерін ұсынған жағдайда қолданылмайды.

Әуежай немесе аэронавигациялық ұйым мен әуе кемелерін пайдаланушы арасындағы шарт (шартқа қосымша) осы Ереженің 18-тармағында көрсетілген бұйрық күшіне енген күнінен бастап 7 жұмыс күнінен кешіктірмей жасалады."

2. Қазақстан Республикасы Табиғи монополияларды реттеу агенттігінің Көліктік инфрақұрылым саласындағы реттеу департаменті:

1) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде заңнамада белгіленген тәртіппен мемлекеттік тіркеуді;

2) осы бұйрықты бұқаралық ақпарат құралдарында ресми жариялағаннан кейін Қазақстан Республикасы Табиғи монополияларды реттеу агенттігінің интернет-ресурсында жариялауды қамтамасыз етсін.

3. Қазақстан Республикасы Табиғи монополияларды реттеу агенттігінің Әкімшілік жұмысы департаменті осы бұйрық Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелгеннен кейін:

1) оны ресми бұқаралық ақпарат құралдарында заңнамада белгіленген тәртіппен жариялауды қамтамасыз етсін, кейін жарияланғаны туралы мәліметтерді Қазақстан Республикасы Табиғи монополияларды реттеу агенттігінің Заң департаментіне ұсынсын;

2) оны Қазақстан Республикасы Табиғи монополияларды реттеу агенттігінің құрылымдық бөлімшелері мен аумақтық органдарының назарына жеткізсін;

3) күнтізбелік он күннен аспайтын мерзімде "Әділет" ақпараттық құқықтық жүйеге ресми жариялануы үшін қағаз және электрондық жеткізгіштегі көшірмесін жолдасын.

4. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау Қазақстан Республикасы Табиғи монополияларды реттеу агенттігі төрағасының орынбасары А.Ж.Дүйсебаевқа жүктелсін.

5. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Төраға

М. Оспанов

"КЕЛІСІЛГЕН":

Қазақстан Республикасының
Көлік және коммуникация

министрі

_____ Ж. Қасымбек

2014 жылғы 15 шілде

Қазақстан Республикасының

Экономика және бюджеттік

жоспарлау министрі

_____ Е. Досаев

2014 жылғы 24 маусым

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК